

БЕЙІМДЕЛУДІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ



1-кезең – дайындық кезеңі:

Ата-аналар баланы балабақшамен, тәрбиешілерімен, балалармен, топпен алдын ала таныстырады. Осы кезеңнің мақсаты – баланың мінез-құлқында жаңа стереотиптерді біртіндеп қалыптастыру.

2-кезең – негізгі кезең:

Алғашқы аптада ата-аналар баланы таңғы асқа 1–2 сағатқа балабақшаға алып келеді және қалдырады.

Бала үйдегі өз-өзінше істейтін кейбір көмектесуді қажет етпейтін дағдыларын азайтады.

2-кезеңнің негізгі мақсаты – қоршаған ортамен, айналасымен бейімделуін қалыптастыру.

3-кезең – қорытынды кезең:

Бала балабақшаға 3 сағаттан артық уақытта келеді, содан кейін ұйықтауға қалады.

Ең алдымен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, тәбеті жақсарады, ең соңында – ұйқысы реттеледі.

Бұл кезеңнің мақсаты – балаға эмоционалдық байланыс орнатып, мейірімді қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру.

